



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№8 (812) Сәрсенбі 22 ақпан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ УКРАИНА ПРЕЗИДЕНТІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Украина тарапының бастамасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Украина Президенті Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлесті.

Екі ел басшылары Қазақстан мен Украина арасындағы гуманитарлық байланыстар мәселесін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығысты БҰҰ Жарғысы мен жалпыға ортақ халықаралық құқық нормалары негізінде дипломатиялық жолмен шешуге қатысты Қазақстанның ұстанымын растады.

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛҒЫС ХАТЫН ТАБЫСТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына арнайы барып, ардагер ұстаз Сұлупан Шамшадиноваға Мемлекет басшысының Алғыс хатын табыстады.

Тереңөзек кентінің тұрғыны Сұлупан Шамшадинқызы ел Президенті болып Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланғанда қуанышын ашық хат жазып жеткізген болатын. Ақ жаулықты ана өз хатында Мемлекет басшысына жаңа Әділетті Қазақстан құру идеясын іске асыру жолында сәттілік тілеп, Сыр елі жұртшылығының атынан ыстық ықыласы мен қолдауын білдірді.

«Мен қасиетті Сыр елінде туып-өсіп, киелі Сырдария өзенімен аттас Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде бүкіл саналы ғұмырым өтуде. 40 жыл ұстаздық еткен абзал ана ретінде ұрпағымыздың болашағы қандай болады деген сауал үнемі мазалайтын. Елде орын алған дүрбелең, әлемді жайлаған пандемия елді қажытып жібергені рас. Міне, биыл өткен Президент сайлауында ұсынған бағдарламаңыз осынау қиыншылықтардың барлығы арта қалғанына көзімізді жеткізгендей. Еліміздің болашағын айқындайтын маңызды шешім қабылдадыңыз. Әрине, бұл өте дұрыс әрі мезгілде қабылданған бағыт-бағдар деп есептеймін.



Көзі ашық, көкірегі ояу еліміздің бір азаматы ретінде еліміздегі жаңалықтардан хабардар болып отырамыз. Әсіресе, аймақтағы жаңалықтар мен туған өлкеміздің даму көрсеткіштері көңілді қуантады» делінген ашық хатта.

Аймақ басшысы Президенттің алғысына бөленген ұлағатты ұстазды құттықтап, оған белсенді азаматтық ұстанымы мен туған жеріне деген жанашырлығы үшін ризашылығын білдірді.

Сұлупан Шамшадинова саналы ғұмырын өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ағартушылық қызметін шеберлікпен атқарумен қатар, қоғамдық-саяси жұмыстарға да белсене қатысты. Ауылдық кеңес депутаты, аудандық бақылау тобының, «Сыр ана» әжелер ансамблінің мүшесі болып, өзіне тапсырылған басқа да жұмыстарды атқарды, әлі де ауданның қоғамдық өміріне белсенді атсалысып келеді. Ұстаз есімі «Ай дидарлы аналар», «Сырдария, Сырдария-Тереңөзек», «Сыр

өңірінің мәдениеті» атты кітаптарға енді. Өмірлік жары Бақытжан Сауытбаевпен бірге 54 жыл отасып, бес бала өсіріп, тәрбиелеген. Перзенттері жоғары білім алып, әрқайсысы бір-бір отбасы болып, еліміздің дамуына үлес қосып келеді.

Ел болашағы – жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде елеулі жетістіктерге жеткен, білімін, тәжірибесін, күш-жігерін өскелең ұрпақ игілігіне жұмсаған, аудандағы қоғамдық жұмыстарға араласып, белсенділік танытқан, туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан ардагер-ұстазға «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Аға мұғалім» атағы беріліп, бірнеше рет министрліктің, облыс, аудан әкімінің «Құрмет грамоталары» мен «Алғыс хаттары», «Еңбек ардагері» төсбелгісі табысталған.

Айта кетейік, аймақ басшысы Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде Тереңөзек кенті А.Алиқбаров көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру жұмыстарымен танысты. Мердігер мекеме «Асан-Дар» ЖШС өткен жылы желтоқсан айында тұрғын үйлер аумағын жөндеп, қалпына келтірді.

Мұнан бөлек, облыс әкімі аудан орталығындағы «Углесбют» ЖШС күріш ақтау зауытының жұмысын көрді. Кәсіпорын тәулігіне 100 тонна күріш өндіруге қауқарлы, мұнда 30 адам жұмыспен қамтылған.



## ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда 2023 жылғы 23 ақпанда өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Отырысты ашқан Сенат Төрағасы өткен жұма күні болған Парламенттік тыңдауды қорытындылады. Аталған іс-шара өңірлерді дамыту мәселелеріне арналған болатын. Мәулен Әшімбаев сенаторлар өңірлердегі нақты проблемаларды шешуді көздейтін маңызды ұсыныстар жасағанын, оның бәрі арнайы ұсыным ретінде Үкіметке жолданғанын айтты. Палата Спикері салалық Комитетке аталған ұсыныстардың іске асырылуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Алдағы Палата отырысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды және Үкіметтен Сенатқа келіп түскен бір заң жобасын қарайды.

Күн тәртібіне шығарылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» заң тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына қатысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді көздейді.

«Әскери полиция органдары туралы» заң осы ведомствоның қызметін ілгерілетуге арналған. Құжат нормалары әскери полиция органдарындағы әскери қызметшілердің дене күшін, арнайы құралдары және қаруды қолдану ережелерін, сондай-ақ олардың кадр құрамы мен әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейді.

Ал бұған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери полиция органдары және қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң арқылы Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, сондай-ақ

қолданыстағы 8 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Мәжіліс депутаттары болмаған кезінде Сенат тұтас Парламенттің ролін атқаратыны белгілі. Сондықтан заңдарды дербес қабылдайды және мақұлдайды. Соған байланысты алдағы отырыста Палата депутаттары Үкіметтен Сенатқа келіп түскен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарайды.

Бұл заң жобасы Салық кодексінің «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның нормаларымен сәйкестендіруді көздейді.

## КӨРКЕЙТУ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін көркейту жөніндегі мәжіліс өтті.

Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Ауқенов және «ENVICON» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Роман Шнайдерман облыс орталығының қоғамдық кеңістіктерін тиімді пайдалану бойынша әзірлеген ұсыныстарын таныстырды.

Атап айтқанда, қала көшелері мен көпшілік жиналатын орындарды көгалдандыру, барлық тұрғындар үшін ыңғайлы

демалыс аймақтарын қарастыру және жаяу жүргіншілердің кедергісіз қозғалуына жағдай жасау мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы Сыр елінің бас шаһарын көркейту бағытында атқарылған жұмыстар үшін алғыс білдірді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов пен қала әкімі Асылбек Шәменовке тиісті сала басшылары ұсынған жобаларды бірлесіп қарап, нақты ұсыныс

беруді тапсырды.

Еске салсақ, өткен айда Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Ауқенов пен «ENVICON» ЖШС директоры Роман Шнайдерман Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, дамыған мемлекеттердің қалалары көркейтудегі озық тәжірибелерін таныстырған болатын. Сол жылында Қызылорда қаласының даму перспективалары талқыланды. Бұған дейін Қазақстандық урбанистер қауымдастығы Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Павлодар, Шымкент, Тараз және басқа да қалаларды көркейтуге бағытталған жобаларды әзірлеген.

## АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБАҒА ДАУ АЙТУ

Қызылорда қалалық сотында «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау» тақырыбында семинар сабағы болды. Облыстық соттың судьясы Н.Қосановтың төрағалық етуімен өткен семинарға Қызылорда қалалық сотының төрағасы мен судьялары қатысты. Төрағалық етуші семинар сабағын ашып, тақырыпқа сай заңнаманың қолдануы бойынша түсіндірме берді.

Атап айтқанда, атқарушылық жазба борышкердің қарсылығы бойынша нотариустың қаулысымен күшін жоймаса, оған дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылатынын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 Нормативтік қаулысына сай АПК-нің 45-тармағында көзделген ерекше іс жүргізу тәртібімен шағымдарды сотта қарау нысанасы атқарушылық жазбаның дұрыс жасалуын не оны жасаудан бас тартудың заңдылығын тексеру болып табылатынын, тексеру

барысында ҚР «Нотариат туралы» Заңының 14-1 тармағында көзделген талапқа сай келуін қарайтынын айтты.

Сонымен қатар АПК-нің 364-бабының төртінші бөлігіне сәйкес шағым жасалған нотариаттық әрекет туралы әрекет жасаудан бас тарту туралы арыз берушіге белгілі болған күннен бастап есептелетін он күн мерзімде сотқа берілетінін, алайда он күнді мерзімді өткізіп алу сот үшін шағымды қабылдаудан бас тартуға не оны қайтаруға негіз болып табымайтынын жеткізді.

Сондай-ақ Н.Қосанов арыз берушінің көрсетілген мерзімді сақтауын тексеру кезінде соттар нотариаттық әрекеттің жасалған немесе оны жасаудан бас тартылған күннен бастап есептелетін он күн мерзімінде сотқа берілуіне белгілі болған күнді және арыз берушінің сотқа шағымдану мерзімін өткізіп алу себептерін анықтауы тиіс екендігін айтты.

Семинар соңында қатысушылар аталған санаттағы азаматтық істерді қарау тәжірибелерімен бөлісті.

## ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қармақшы аудандық сотында азамат А.-ға қатысты ҚР ӘҚБтК-ң 610 бабының 1 бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Құқық бұзушы А. өзінің автокөлігін басқарып келе жатып, қиылыста оң жағынан басты жолмен қозғалып жатқан келе жатқан азамат С.-ның басқаруындағы автокөлігіне жол бермей соқтығысып, нәтижесінде жабірленушіге материалдық зиян келтірген үшін, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, сотқа негізін қарауға жолданған. Құқық бұзушының кінәсі оның мойындаған түсінігімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен, жол көлік оқиғасының сызбасы мен хаттамасымен, жабірленушінің түсінігімен және басқа да іске тіркелген құжаттармен дәлелін тапты. Құқық бұзушы А. ҚР ӘҚБтК-нің 610 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 42 882 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

## ҚЫЗЫЛЖАРМА АУЫЛЫНДА 23 КӨШЕГЕ АСФАЛТ ТӨСЕЛЕДІ

Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Медет Сейілов өткен жылы Қызылжарма ауылдық округінде атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Өткен жылы ауылдық округтегі 17 көшеге тас төселіп, Әл-Фараби көшесінен Қарауылтөбеге баратын 1,6 шақырым жолға асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, шет аймақта орналасқан 12 көшеге 400-ге жуық электр бағаналары мен Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын аудандарына 6 жинақтық трансформаторы орнатылды. Ауылдық округті аяқ

сумен қамтамасыз ету мақсатында 3 дана дренажды су бұрғылау ұңғымасы салынып, пайдалануға берілді.

«Биыл «Ауыл Ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдағы 23 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Абай көшесінің бас жағына, бұдан бөлек, Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2

тұрғын ауданындағы 20 көшеге тас төсеу жұмыстарын жүргізу жолға алынды. Бұдан бөлек, Сайлыбаев пен Меңлібаева көшелеріне түнгі жарық шамдарын орнату жұмыстары қолға алынды», - делі ауылдық округ әкімі.

Ауылдық округте жеке кәсіп бастауды мақсат еткен тұрғындардың басым болуынан өткен жылы ауылда 76 кәсіпкерлік субъектісі ашылып, кәсіпкерлік нысандар саны 446-ға артқан. Түрлі мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 190 млн. теңгені құрайтын 85 жоба қолдау тауып, соның нәтижесінде 227 адам

тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Ал, биыл жеке кәсіпкер Сексенбаев Сұлтанбектің демеушілігімен спорт кешенінің құрылысы бастау алды.

Айта кету керек, ауылдық округтегі Батырбаев және Сексенбаев көшелерінің қиылысына бағдаршам орнату мәселесі де өз шешімін тауып отыр, бүгінгі күні мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Мердігер мекеме анықталғаннан кейін бағдаршам орнату жұмыстары басталмақ.

«Ел тілегі» ақпарат





## ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЛАЛЫҚ ҮШЖАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейіловтың төрағалығымен әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібінде екі мәселе, яғни қала кәсіпорындарында еңбек қатынастарының жағдайы және Қызылорда қаласының әкімдігі, Қызылорда облыстық жұмыс берушілердің бірлестіктері мен Қызылорда облысының кәсіподақтар орталығы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған қалалық келісімді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2022 жылы атқарылған жұмыстар туралы қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе - еңбек қатынастарының жағдайы бойынша ШЖҚ «Су жүйесі» МКК мекемесі басшысының орынбасары Нұрлан Утепов хабарлама жасап,

мекемедегі жалақының ең төмен мөлшерін 70000 теңгеге өзгерту мүмкіндігінің шектелуінен, уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту жағдайын қарастыруға және тарифке және тарифтік сметаға толықтырулар енгізу бағытында ұсыныс білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе - 2021-2023 жылдарға арналған қалалық келісімді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2022 жылы атқарылған жұмыстар бойынша қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева хабарлама жасады.

Өз баяндамасында қала кәсіпорындары мен мекемелердегі еңбек қатынастарының жағдайы, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар санының 50% азаюына және одан да көп төмендеуі, жалақы қарыздары, қызметкерлердің жұмыстан босату, әлеуметтік-еңбек ахуалының тұрақтылығын қамтамасыз ету, ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және оларды шешуге жәрдемдесу бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

Жоғарыда қаралған мәселелер бойынша Жанмұрат Жақсымұратұлы қалалық келісімді іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарының орындалуын тұрақты бақылауды және жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауы бойынша мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

## Қызылорда: Әкелер кеңесі 295-ке жуық білім ордасында жасақталды

Өңірде жасөрендердің тұлға болып қалыптасуына және сапалы білім алуына ықпал ету үшін ата-аналар комитеті белсенділік танытуда. Атап айтқанда, тиісті министрлікпен 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысында мектептер мен ата-аналар байланысын нығайтудың жаңа форматы белгіленді.

Осыған орай, ата-аналар қоғамдастығы білім ордасымен бірлесіп, баланың тұлғалық дамуына байланысты игі шараларды ұйымдастыратын болады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы Күміскүл Серекеева аталған ұйымның негізгі жұмысына тоқталды.

«Қазіргі таңда балалардың мүддесі үшін мектеп пен ата-аналардың ортақ ыңтымақтастықта жұмыс істеуі аса маңызды. Бүгінде облысымыздағы барлық білім беру ұйымдарында ата-аналар қауымдастығы белсенді жұмыстар жүргізуде. Қазіргі таңда біздің комитетте 12 адам қамтылған. Дегенмен, жыл сайын жаңа оқу жылы басында ұйым мүшелері жаңартылып отырады. Ата-аналар комитеті баланы оқыту, тәрбиелеу процесіне қатысып қана қоймай, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныса алады. Сондай-ақ, ата-аналар мектептегі үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, танымдық шараларға қатысады. Бұдан бөлек, балаларды тәрбиелеу деңгейін бірлесіп бағалап, мектептегі өзін-өзі басқаруға да қатысады. Жаңа оқу жылы барысында ата-аналар мен үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Мектептегі бір күн»,



«Отбасы – мектеп» және кәсіби бағдар беретін арнайы тренингтер өтті. Алдағы уақытта бұл шаралар өз жалғасын табатын болады», - деді Күміскүл Дүйсенқызы.

Облыста 2019 жылы құрылған Әкелер кеңесі бүгінде 295-ке жуық білім ордасында жасақталды. Жанұядағы әкенің рөлі мен бала тәрбиесіне сүбелі үлес қосып келе жатқан аталмыш кеңес биыл да ауқымды шараларды қолға алған.

«Бүгінгі күні бала тәрбиесімен

көбіне аналардың өзі айналысып, жауапкершілік жүгін арқалап жүр. Ал бірқатар әкелеріміз отбасын асыраудың қамымен жүріп, бала тәрбиесіне көп көңіл бөле алмай жатады. Бұл олқылықтың алдын алу мақсатында Әкелер кеңесі жасақталды. Әкелер құрамында әр түрлі сала

мамандары бар. Сондай-ақ, біздің кеңестің белсенді жұмыстарының арқасында бала мен әке арасындағы қарым-қатынас, отбасындағы әкенің рөлі, ұл балалардың тәрбиесі туралы кеңінен насихатталып жүр. Болашақта танымдық және отбасы құндылығы аясындағы іс-шаралар тізбегін көбейтуді жоспарлаудамыз», - деді Әкелер кеңесінің төрағасы

Еркебұлан Есенбаев.

## ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІН ЖҰМЫСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы базасында өткен семинар-тренингтің басты мақсаты - Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмыстарын үйлестіру, оңтайландыру және одан әрі жетілдіру болды. Шараға Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісі басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл Асанова Мәлдір Әбдіғарипқызы да белсенді қатысып, өз ой пікірімен бөлісіп қайтты.

Семинар-тренингте «Қазақстан РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының бас редакторы А.Тұңғышбаева мемлекеттік қызметшілерге көпшілік алдында және бұқаралық аппарат құралдарында сөйлеу және өзін-өзі ұстау мәнері тақырыбындағы ақпараттармен бөліссе, ал Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облыстық департаменті басшысының орынбасары М.Бибітова мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалар мен Әдеп кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қатысты түсіндірмелер берді.



## КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Халықтың күнделікті тіршілігінде шешімін таппай жүрген мәселелер аз емес. Осы ретте, олардың шешілуіне мүмкіндігінше ықпал ету мақсатында шаһар басшысы Асылбек Шаменов қала тұрғындарын жеке қабылдады.

Қабылдауға келгендердің басым көпшілігі жұмыспен қамту, әлеуметтік жәрдемақы алу, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың тәртібі туралы сұраса, енді бірі баспанамен

қамту, көше атауы, жол, газ, жарық, кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мәселелерін айтты. Қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы талап-тілегін арқалай келген 60-тан астам тұрғынды әдеттегідей

орынбасарлары, бөлім басшыларымен бірге тыңдап, ұсыныстарына жауап берді және көтерілген мәселелердің рет-ретімен шешілетіндігін жеткізді. Ашықтық пен жариялылық жұмыс тиімділігін арттырады десек, алдағы уақытта тұрғындардың уәждері бойынша мәселелер зерделеніп, салалар бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады.

«Ел Тілегі»

## КҮРДЕЛІ ДИАГНОЗЫ БАР ПАЦИЕНТТЕР ЕМ АЛУДА

Қызылорда облысының Жалағаш аудандық ауруханасында ревматоидты артритпен, Бехтерев ауруымен ауыратын пациенттерге көмек көрсетіледі. Консультация алу және емдеу үшін мұнда басқа аудандар мен облыс орталығының тұрғындары жүгінеді.

Арал ауданы Сексеуіл кентінің тұрғыны Жансая Ақылбекова Жалағаш аудандық ауруханасына ауындары қатты ауырып түсті. 50 жастағы әйел ревматоидты артритпен есепте тұрады. Бұл ең алдымен ауындарға әсер ететін созылмалы жүйелі аутоиммунды ауру.

«Облыс орталығына қарағанда жақын орналасқандықтан бұрын Ақтөбеде ақылы түрде зерттеп-қараулар мен емдеу жүргізілетін. Мен жұмысымды және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған жоқпын. Бірақ учаскелік дәрігер МӘМС мүмкіндіктері мен артықшылықтарын түсіндірді. Содан кейін БӨТ ай сайын, облыс орталығының тұрғындары үшін 3 450 теңге, қалғандары үшін -1 725 теңге төлей бастады. Мені Жалағаш аудандық ауруханасына емделуге жіберуді өтіндім, өйткені мұнда тәжірибелі ревматологтар жұмыс істейді, енді маған қымбат зерттеп-қараулар, дәрі - дәрімектер қолжетімді», - дейді Жансая Ақылбекова.

Арал ауданының тағы бір пациенті Нұрлан Ахметовке үш жыл бұрын Алматы дәрігерлері Бехтерев ауруына шалдыққан. Бұл омыртқаралық ауындардың ауындары қатты ауырып түсті. Нәтижесінде омыртқа бағанының аймақтары қозғалғыштығын толығымен жоғалтты. 43 жастағы ер адамға Жалағаш дәрігерлері созылмалы аурудың ағымын бәсеңдету үшін қажетті ем жүргізуде.

«Әр түрлі клиникалар мен ауруханаларда ем қабылданды, бірақ нәтиже болмады. Осы емдеуден кейін омыртқаның қатты ауырып мазасыздықты тоқтатады деп үміттенемін. Дәрігерлерге және аурухананың барлық медицина қызметкерлеріне рахмет», - дейді тұрғылықты жері бойынша тегін ем алатын Н.Ахметов өзінің пірімен бөлісті.

Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері, ревматолог Еркебұлан Мақсұтовтың айтуынша, осы ауруларды емдеуге консультация алу үшін басқа аудандардың, сондай-ақ облыс орталығының тұрғындары жүгінеді. Аудандық ауруханада пациенттерді диагностикалау және емдеу үшін жабықтар мен білікті кадрлар бар. 2022 жылы Жалағаш аудандық ауруханасында ТМКК және МӘМС шеңберінде барлығы 10 мыңнан астам адам ем алды.

## ЕКІ МЫҢҒА ЖУЫҚ КӨЛІК ОНЛАЙН РӘСІМДЕЛДІ

Әлі де болса автокөлік сатушылар мен сатып алушылар онлайн рәсімдеудің оңай жол екенін ескере бермейді. Сондықтан қала шетіндегі Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына барып, уақыт жоғалтады. Сол себепті, автокөлікті сату мен сатып алудағы жеңіл әрекетті есте сақтаңыз.

Егер сіз автокөлікті сататын, немесе сатып алатын болсаңыз оны онлайн рәсімдеудің екі жолы бар. Көлік өз атыңызда болса egov.kz порталы арқылы мәселеніңізді жедел шеше аласыз. Ол үшін



ЭЦК арқылы порталға кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөлімі арқылы қызметке тапсырыс бересіз. Бұл сіздің небары 10-15 минут қана уақытыңызды алады. Ал, екінші жол – ол бәріміз қолданатын Kaspi.kz қосымшасы. Қосымша ішінде «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі арқылы көлік құралын рәсімдеуге болады. Осы қосымша арқылы Мамандандырылған ХҚО-ға бармай-ақ, Астана көшесі 46 мекен-жайында орналасқан Цифрлық кеңседен көліктің құжаты мен мемлекеттік номерін ала аласыз.

Аймақта жыл басынан бері 4 732 көлік құралы бойынша тіркеу және тіркеуден шығару қызметі көрсетілген. Олардың ішінде 48 көлік egov.kz порталы арқылы, 1936 көлік Kaspi.kz қосымшасы арқылы рәсімделген.

## ІСТІ СОТТА ТЕЗ АРАДА ҚАРАУ ҚҰҚЫҒЫ ҚОЛДАНЫЛДЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өзіне іс жүргізіліп жатқан тұлға істі сотта кешіктірмей қарау және іс бойынша қаулыны тез арада заңды күшіне енгізу туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 744-бабында көрсетілген. Аталған норма Байқоңыр қалалық сотының өндірісіне 2023 жылы түскен алғашқы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің бірінде қолданылды.

Сот өндірісіне келіп түскен іс бойынша М. «Шымкент-Самара» тас жолының жиегінде тоқтап тұрып, солға қарай тас жолға шығу үшін маневр жасау кезінде бағыттал келе жатқан көлік құралына жол бермей соқтығысып, жол-көлік оқиғасын жасаған. Осылайша, жәбірленуші Д-ға тиесілі автокөлікке материалдық залал келтірген. Құқық бұзушы М. келтірілген шығынды сақтандыру шарты бойынша өтейтінін көрсетіп, істі сотта тез арада қарап, қаулыны дереу күшіне енгізу туралы өтініш білдірді. Өз кезегінде жәбірленуші Д. келтірілген залалға қатысты сақтандыру шарты

арқылы қалпына келтіруге келіскенін, сот актісін тез арада күшіне енгізіп беруді сұрады. Сот қаулысымен М. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 610-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, айыппұл мөлшері 30 пайызға қысқартылып, 48300 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Сот қаулысы шығарылған күннен бастап заңды күшіне енді. Сонымен қатар, іс бойынша заң бұзушылықтарға жол берген полиция қызметкеріне қатысты жекеше қаулы шығарылды. Аталған іс мәні бойынша қаралу үшін сотқа әкімшілік құқық бұзушылық

туралы хаттама толтырылғаннан кейін, он бес тәулік өткеннен кейін жолданған. Заңнама сәйкес, хаттама толтырылғаннан кейін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс үш тәулік ішінде сотқа қарау үшін жіберіледі.

Сонымен бірге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлға және жәбірленушіге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне көзделген құқықтары, соның ішінде істі сотта кешіктірмей қарау және іс бойынша қаулыны тез арада заңды күшіне енгізу туралы өтінішхаттар мәлімдеу құқықтары толығымен түсіндірілген.

Сонымен бірге, жәбірленушінің сақтандыру шарты арқылы материалдық шығынды алу құқығы ұзақ уақытқа шектелген. Тараптар аталған құқықтарын сотта пайдаланып, нәтижесінде қаулы тез арада заңды күшіне енді.

Жекеше қаулы бірқатар заң бұзушылықтарға жол берген полиция қызметкеріне шара көру үшін Қармақшы ауданының полиция бөлімінің басшысына жолданды.

## ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ

**Көпбейінді облыстық аурухананың мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы және медицина ұйымдары басшыларының қатысуымен облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2022 жылды қорытындылауға арналған есеп беру жиыны болып өтті.**



Біз осы бағыттағы жоспарлы жұмыстарды атқардық.

Халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру бойынша атқарылған шаралар нәтижесінде де денсаулық сақтаудың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады.

2022 жылдың маусым айында бастапқы медициналық көмекті тұрғындарға жақындату арқылы қолжетімділікті арттыру мақсатында «Орталық қалалық емхана» қолданысқа берілді.

Республикалық бюджет есебінен 80 мыңнан аса тұрғынға бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін «Қазыла ауданының Әйтеке би кентінде 250 келушіге арналған аудандық емхана ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

«Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Жалағаш ауданы, Таң ауылында дәрігерлік амбулатория халық игілігіне берілді.

Бүгінгі күні «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық Ұлттық жобасына

арқылы 1 дана жылжымалы медициналық кешен алынды.

Бірқатар медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базалары жаңартылды. Арал және Қазалы ауданына қарасты шалғай елді мекендерде (Тастубек) 2 медициналық бекет ел игілігіне берілді.

Жергілікті бюджет есебінен апаттық жағдайдағы Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылындағы дәрігерлік амбулатория ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді және де қаланың сол жағалауында 5000-10000 донациялық облыстық қан орталығының құрылысы басталды.

Бұл жетістіктеріміздің барлығы Мемлекет басшысы мен облыс әкімінің елдің бүгінгі мен болашағы үшін қолдауы және Сіздер мен біздердің бірлесіп, жауапкершілікпен атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі, халық артқан сенімінің жемісі.

Алдағы уақытта да аймақ тұрғындарының денсаулығын нығайту және денсаулық сақтау саласын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

### ӘКІМ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Аудан әкімі Серік Сермағамбетовтың халықпен кездесуі бүгін Жінішкекүм және Атанши ауылдық округтерінде жалғасты.**

Аудан басшысы алдымен Жінішкекүм ауылдық округінде болып ауыл халқына 2022 жылғы жеткен жетістіктерді баяндап, алдағы жоспарларды ортаға салды.

«Балалар жылына орай, Арал қаласынан 2 ойын-сауық орталығы ашылып, демеушілер есебінен 6 ойын алаңы пайдалануға берілді. Сондай-ақ, ауданда 5 балабақша іске қосылып, бүлдіршіндерімізді қуанып отыр. Урбанизация және демографиялық процестерге байланысты 2023 жылға дейін білім ордалары салу көзделіп отыр. Осы орайда, «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында биыл 2 мектептің құрылысы басталады. Ал, өздеріңіз білетіндей №248 орта мектептің құрылысы облыс әкімінің қолдауымен демеушілер есебінен жасалып жатыр. Көктем айында жұмыстар қайта басталады. Сондай-ақ білім нысанын өз қаражатынан жүргізіп жатқан кәсіпкермен мектептің ғимаратын сапалы әрі уақытылы жаңа оқу жылына дейін аяқтау бойынша келіссөздер жүргізілді», - деді аудан әкімі С.С.Сермағамбетов.

Мұнан соң аудан әкімі

шалғайда орналасқан Атанши ауылдық округіне ат басын бұрды. Серік Сағитжанұлы өткен жыл Арал ауданы үшін жемісті жылы болғандығын, ауыл шаруашылығы бойынша аудандар арасында үздік болып танығандығын және егістік көлемін ұлғайту бойынша да сан-салалы жұмыстардың атқарылғандығын жеткізді.

«Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында 2022-2024 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы саласын дамытудың Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Жол картасы аясында 3 бағыт бойынша 30 жоба іске асырылып, ауданға 792 млн теңге инвестиция тартылса, 200-те жуық адам жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етілетін болады. Қазіргі таңда, ауданды егін шаруашылығына бейімдеу жұмыстары қолға алынды, 2021 жылы 166,7 гектар жерге егін егілсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 704,2 гектарға жетті. Ал, 2024 жылға дейін 3000 гектарға жеткізуді жоспарлап отырмыз» деп алдағы міндеттерге де тоқталды.

Есепті кездесуден соң аудан әкімі ауыл тұрғындарын жеке-кең мәселелер бойынша бақылады.

Қазалы

### ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ ЕЛМЕН КЕЗДЕСТІ

**ҚР Президентінің кеңесшісі Отарбаев Мәлік Нұржанұлы Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келіп, халықпен кездесті.**

Кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, оның ішінде ақпараттық саясатты жүзеге асыру мен өзге де әлеуметтік мәселелер талқыланды. Тұрғындармен елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың бағыт-бағдары туралы пікір алмасты.

Кездесу барысында қағаз ардагерлері Құлыбай Ысқақ, Қасқырбек Мамбетжан сөз сөйлеп, ауданның дамуы мен елдегі реформалар төңірегіндегі мәселелерді қозғайды. Сондай-ақ,

Қасқырбай Әлімбаев жастарды өндірістік жұмыстарға тарту, мемлекеттік қызмет туралы ұсыныстарын білдірді.

Әрі қарай Мәлік Отарбаев жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың елді-мекендерді газдандыру, кент орталығындағы көшелерді кеңейту жөнінде өтініш-тілектерін тыңдады.

Мәлік Отарбаев әрбір мәселені жіті назарға алып, шешілу жолдарын қарастырып, ел Президентіне жеткізуге уәде етті.

Байқоңыр

### БАЙҚОҢЫРДАН СОЮЗ МС-23 ҒАРЫШ КЕМЕСІ ҰШЫРЫЛАДЫ

**Ұшырылуы кейінге қалдырылған «Союз МС-23» кемесін ғарышқа жіберу туралы шешім қабылданды.**

Халықаралық ғарыш станциясының құрамына кіретін екі ресейлік кемелердің бұзылуынан кейін Роскосмос комиссиясы жаңа «Союз МС-23» ғарыш кемесін ұшыру алдында төтенше жағдайлардың барлық ықтимал себептерін тексеруге уақыт бөлгендіктен ұшыру кейінге қалдырылды.

«11 ақпанда халықаралық ғарыш станциясында болған «Прогресс МС-21» жүк кемесі жылуды басқару жүйесіндегі қысымды төмендеткеннен кейін Роскосмос кәсіпорындарының м а м а н д а р ы а л ы ң ғ а т е л е м е т р и я л ы қ а қ п а р а т пен кемеліңіз сыртқы бетінің суреттерін

мүқият талдады. Сондай-ақ олар Байқоңырдың 254-ші учаскесінің монтаждау-сынақ корпусында орналасқан «Союз МС-23» ғарыш кемесіндегі радиаторды егжей-тегжейлі тексеріп, одан ешқандай ақау тапқан жоқ», - деп хабарлайды Роскосмостың баспасөз қызметі. Нәтижесінде бас конструкторлар кеңесі мемлекеттік комиссияға іске қосуды ұсынды. «Союз-2.1а» зымбыран-тасымалдағышын «Союз МС-23» ұшырғыш ғарыш кемесін ұшыру 2023 жылғы 24 ақпанда Астана уақыты бойынша сағат 06:34-те Байқоңыр ғарыш айлағының 31-ші алаңынан ұшырылады деп жоспарланған.

Қармақшы

### ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Жастар – елдің басты байлығы. еліміздің болашағы да жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылады. бүгінде ауданымызда жастарды жан-жақты дамытуда біршама жұмыстар атқарылып, жастар саясаты, жастарды әлеуметтік-экономикалық жағынан қолдау шаралары өз шешімін тауып келеді. осы орайда аудан әкімі жандос еркінбек «qadam студия» жобасы аясында аудан жастарымен еркін форматта кездесті.**

Оған ауданның рухани-әлеуметтік дамуына үлес қосып жүрген талантты жастар, жас ғалымдар, волонтерлер, жас мамандар, қоғамдық ұйым мүшелері, әр саланың белсенді жастары қатысты.

Аудан басшысы бірінші кезекте жетістікке жеткен жас кәсіпкерлердің көрмесімен танысып, спортшылармен теннис үстелінде ойын көрсетті. Жиынды аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Н.Пирназаров жүргізіп отырды. Кездесуде қатысушылар директоры жүрген сауалдарын қойып, аудан басшысымен еркін түрде пікір алмасып, ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ іс-шара барысында аудан әкімі ауданның даму жолында қандай мәселелер, алдағы уақытқа қандай идеялар бар екенін сұрап, жастардың ой-пікірлерін тыңдап,

еркін тақырыпта әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, әрқаз аудан жастарының бастамаларын қолдауға дайын екендігін жеткізді. Одан соң еліміздегі жастарды қолдау бағытындағы бастамалар, ауданда жастар саясаты саласындағы жетістіктер мен алдағы міндеттерге тоқталды. Өз кезегінде аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры орталықтың жастарды қолдау бағытында атқарып жатқан жұмыстары мен осы жылы ауданда жүзеге асырылатын жобаларды таныстырды.

Жастарды белсенді елдің ергені - жарқын. Аудан басшысы қоғамның жас өкілдерін барлық салада атсалысып, тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында аянбай аударынып даму жолында қандай мәселелер, алдағы уақытқа қандай идеялар бар екенін сұрап, жастардың ой-пікірлерін тыңдап,

## ТАСБӨГЕТТЕГІ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫСТАР

**Қаланың іргесіне қоныстанған Тасбөгет кенті күн санап дамып келеді. Кезінде Сырдария ауданының орталығы болған кентте бүгінде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар ауқымы кең. Қай салада болмасын ілгерілеушілік байқалады. Өткен аптада Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов 2022 жылғы Тасбөгет кентінде атқарылған жұмыстар туралы баспасөз орталығында баяндады.**

Ақпараттарға сүйенсек өткен жылы кенттің инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2,3 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асқан. Атап айтсақ, 16,0 млн теңгеге кенттегі электр желілері жөндеуден өтіп, 1412 үйге ұзындығы 25 шақырым болатын жаңа электр желісі тартылып, 2 қосалқы станция қойылды. Кенттегі О.Сейітпенов және Е.Қосжанов көшелеріне, Сабалақ саяжайының кіреберісіндегі жаңа мектеп алдындағы көшеге асфальт жабындысы, 7 көшенің белгіленген белгілеріне киіріштік тас төселіп, А.Құнанбаев және Қ. Исмаилов көшелерінің бойына аялдама және Наурыз шағын ауданына, С.Мұханов көшесіне көше жарығы орнатылды. Облыс және қала басшылығының қолдауымен демеушілер тарапынан Тасбөгет пен саяжай аумағына 4 жанытық балалар ойын алаңы салынған. Бұдан бөлек, кентте Тасарық шағын ауданынан 2 қабатты көнер орталығы, «Аргымақ», «Тасбөгет», «Сабалақ» атты өз-өзіне қызмет көрсететін көлік жолу пункттері, «Qyzylorda.vogota» темір өнімдерін жасап

шығару цехы, «Vota Tattileri» атты жартылай фабрика және кондитерлік өнімдер дайындайтын цехы ашылып, наубайхана өндірісі іске қосылды. Сондай-ақ, 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысы жүруде.

«Бүгінде шағын және орта бизнес саласын қолдауға мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп отыр. Тасбөгеттік кәсіпкерлер де бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, түрлі бағдарлама аясында өндіріс, құрылыс, білім, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы өз бизнес-жобаларын табысты жүзеге асыруда. Мәселен, жыл көлемінде кентте жаңадан 173 кәсіпкер тіркеліп, олардың саны 1426-ға артты. Мемлекеттік бағдарламалар аясында өткен жылдың өзінде кәсіпкерлердің 111 жобасы мақұлданып, 634 млн теңгеге қаржыландырылды. Ал, жалпы құны 78,5 млн теңгені құрайтын 61 жоба қайтарымсыз грант ұтып алды. Бұдан бөлек, түрлі әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар салуға кәсіпкерлер тарапынан кентімізге 2 млрд 6 млн теңге көлемінде инвестиция құйылды. Соның нәтижесінде, кәсіпкерлік нысандарда ашылған



жұмыс орындары есебінен барлығы 325 адам тұрақты жұмыспен қамтылды» - деді кент әкімі.

Кент әкімі брифинг барысында саяжайларда атқарылған жұмыстар легіне де тоқталып өтті. Мәселен, өткен жылы Сабалақ, Еңбек саяжайларындағы 1627 үйге ұзындығы 34,6 шақырым болатын электр желілері тартылып, барлығы 13 қосалқы станция орнатылды. «Еңбек» және «Өркендеу» бау-бақша серіктестіктеріне ұзындығы 12,4 шақырымға ауыз су құбыры тартылды. Кент және саяжай аумақтарына 2 дренажды ұнғыма қазылып, «Қаржыгер» бау-бақша серіктестігі аумағына 1 дизельді аяқ су насосы орнатылды. Бұл жұмыстардан бөлек, Сабалақ саяжайында «Bilim Orda» мектебі салынып, 150 орындық Ш. Есенов атындағы №285 қалалық

дарынды балаларға арналған мектеп-лицей-интернатының құрылысы жүргізілді. 50 орындық «Айбиби» бөбекжай-балабақшасы және «Dimash Academ Kids» атты 250 балаға арналған оқу орталығы ашылды. Сондай-ақ, «Асқар» сауда орталығы ашылып, биыл монша құрылысы, кеңселік ғимараттар құрылысы жүруде.

«Биылғы жылға да көптеген жоспарлы жұмыстарымыз бар. 2023 жылы мемлекеттік бюджет, демеуші көздер және инвестиция есебінен 2,5 млрд теңгенің жұмыстары атқарылады деп күтілуде. Оның ішінде, Тасбөгет кентіндегі 41 көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізу, «Шауқаман бағын» абағандыру, денешынықтыру-сауықтыру кешенінің және 5 қабатты 135 пәтерлі тұрғын үй құрылысы сынды жұмыстар қамтылған» - деп қорытындылады.

Зибаш ӘЛІ

## Қысқа да нұсқа

### ЖОЛ АПАТЫНАН 4 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Қызылорда облысында жол апатынан 4 адам қайтыс болды. Оқиға 19 ақпанда «Самара-Шымкент» тас жолының 1767-1768 шақырымында, Сырдария ауданына қарасты Шаған және Н. Илиясов ауылдарының аралығында болған.

«Mercedes» және «Opel» автокөліктері соқтығысып, төрт адам қаза тапты, бір адам ауруханада. Толық деректер анықталып жатыр», - деп мәлім етті Қызылорда облыстық полиция департаментінен. Ведомство мәліметінше, қайтыс болған азаматтар – Қызылорда облысының тұрғындары. Аталған дерек ҚР Қылмыстық кодексінің 345-бабы 4-бөлімі бойынша тіркелген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізіліп жатыр. Сараптамалар тағайындалды.

### «МИГРАНТ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Ағымдағы жылдың 20-28 ақпан аралығында облыс аумағында «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Осы іс-шараға ОПД-нің қызметкерлері жұмылдырылып, олардан мобильді топтар құрылып, облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершіліктерге тарту, шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.

### «ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Ақпан айының 20-24 күндері аралығында облыс көлемінде «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында облыс көлемінде қоғамдық тәртіпті сақтау мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол көлік оқиғаларының алдын алудың қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтың, әсіресе заңсыз жолаушы тасымалымен айналысатын автобус және такси көлік құралдарын анықтайтын болады.

### ҰРЛЫҚ ТҮБІ ҚОРЛЫҚ

Қазалы ауданы полиция бөліміне жедел «102» арнасына 54 жастағы қала тұрғыны арызданған болатын. Белгісіз біреулер үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, терезесін сындыру арқылы кіріп, жатын бөлменің ішіндегі шкаф ішінен 600 мың теңге ақшасын және алтын бұйымдарын қолды еткен. Криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлерінің жедел-іздетіру жұмыстарының нәтижесінде бұл іске күдікті ретінде 25 жастағы аудан тұрғыны құрықталды.

Күдіктіден айақты заттар алынды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188 – бабының 3 бөлігімен 3 - тармағымен (Ұрлық) сотқа – дейінгі тергеп – тексеру әрекеттері жүргізілуде. Күдіктіге қатысты сот санкциясымен «құзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы қолданылды.

**(20.02-26.02.2023)****Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)**

Осы аптада күтпеген оқиғалар болады. Одан еш қорықпаңыз, өйткені олар сізге үлкен жаңалық әкеледі. Нағыз күрескер және батыл көшбасшы ретінде жана бастамаларыңызды мол мүмкіндік бар. Ешкімге қарыз қалдырмай құтыласыз.

**Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)**

Жоспарлар жасап, оларды жүзеге асыруға кірісетін уақыт. Өйткені бұл күндер өте қолайлы болады. Маңызды құжаттарға қол қойып, жолдар мен қоғамдық орындарда, әсіресе аптаның басында абай болғаныңыз жақсы.

**Егіздер (21 мамыр-21 маусым)**

Ең бастысы бақытты болу мүмкіндігін жіберіп алмау керек. Кез келген бастамадан бас тартуы керек. Шытырман оқиғаларға немесе қауіпті ойындарға қатыспауға тырысыңыз, өйткені сіз бұл жағдайдан шығынсыз шығу мүмкіндігіңіз нөлге жақын.

**Шаың (22 маусым-22 шілде)**

Үйді жөндеуді немесе күрделі жөндеуді бастау үшін жақсы уақыт. Дегенмен, мүлкті бөлуге немесе жаңа тұрғылықты жерге көшуге байланысты мәселелерді әзірге біржола қалдырыңыз. Көлік жүргізу өте қолайсыз.

**Арыстан (23 шілде-22 тамыз)**

Алға қойған мақсаттарыңызға жету үшін сізге қолыңыздағыдан әлдеқайда көп қаражат қажет болады. Дегенмен, бұл сізге көп уақытты босатуға және оны достарыңызбен өткізуге мүмкіндік береді.

**Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)**

Осы аптада Бикештері өте тиімді жұмыс істей алады. Бұл сізге көптеген шұғыл істерді қайта жасауға және тіпті болашақ үшін резерв құруға көмектеседі. Маңызды оқиғаларды өткізу үшін жауапкершілікті алмауға тырысуы керек.

**Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)**

Осы аптада күш пен жүйкелі үнемдеуге тұрақтылық, кез келген әрекетті аз еңбекке және тиімдірек етуге тырысу керек. Серіктестер мен жақын адамдарыңыздың таңдауына көңіліңіз, бәрі сіз қалағандай болуы мүмкін.

**Сарышаң (23 қазан-21 қараша)**

Бұл жауапты және қиын апта. Сізге немесе сіздің отбасыңыздың мүшелеріне қарсы бағытталған дұшпандықтан бетпе-бет келуге тура келеді, сондықтан кез келген қақтығыстарды болдырмауға тырысыңыз.

**Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)**

Бұл аптада тек өзіне ғана сеніп, тағдырдың сыйлықтарын немесе серіктестердің көмегін күтпеу керек. Сіз шынымен жасай алатын нәрселерді ғана қолға алуға тырысыңыз. Өйткені өзіңізді өзіңіз ғана дамыта аласыз.

**Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)**

Апта басында күтпеген оқиғалар немесе бақытты сәттер орын алады. Жақсылықты бағалауға мәжбүрсіз, таңдауда бетбұрыс болуы мүмкін. Егер сіз алдын ала жоспарланған жоспар бойынша әрекет етсеңіз, көп нәрсеге қол жеткізе аласыз.

**Сүкүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)**

Бұл күндері сүкүйғыштардың көптеген идеялары болуы мүмкін. Алайда жаңа бастаманың уақыты келген жоқ. Бірақ сізден алыстан кеткен адамдармен сөйлесу мүмкіндігі туады. Уайымнан арылыңыз.

**Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)**

Сәтті апта. Сіз серіктестердің мүдделерін, тіпті өзіңіздің зияныңызға да қорғауыңыз керек, өйткені бұл сіздің қарым-қатынасыңызды нығайтады. Бұл кез келген келісімдерді, әсіресе серіктестік келісімдерін жасау үшін қолайлы уақыт.

**МӘМС****САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІН ЖОҒАЛТПАУ ҮШІН БЖТ-НЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТӨЛЕУ КЕРЕК?**

Елімізде еш жерде ресми жұмыс істемей, алайда табыс табатын азаматтар жетерлік. Олар зейнетақы мен медициналық сақтандыру қорына ақша аудармайды. Үкімет мұндай азаматтарды өзін-өзі жұмыспен қамтығандар дейді. Оның ішінде бала күтуші, фрилансерлер, такси жүргізушілер, қорадағы азын-аулақ малын сатып, табыс табатын өзге де қазақстандықтар бар. Дәл осы азаматтарға біріншілік зейнетақы төлем (БЖТ) төлеу тиімді әрі ыңғайлы. Ол төрт түрлі төлемді – жеке табыс салығын, зейнетақы қорына, әлеуметтік сақтандыру қорына және медициналық сақтандыру қорына аударылатын жарналарды біріктіреді. БЖТ-ны тағы кімдер төлей алады, сақтандыру мәртебесінен айрылмау үшін оны қалай дұрыс төлеу керек және тағы басқа нұяоанстарды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов айтып берді.

**БЖТ-ны кімдер және не үшін төлейді?**

Біріншілік зейнетақы төлем өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ, өз ісін заңдастыруына және зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік береді.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес, келесідей шарттарды орындайтын кәсіпкерлер БЖТ төлеуші бола алады:

– жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

– жеке тұлғаларға қызмет көрсететін немесе оларға жеке қосалқы шаруашылықтың өнімдерін сататын.

Осы ретте, БЖТ төлеуші мәртебесін алу үшін жеке тұлғаның табыс мөлшері жылына 1 175 АЕК-тен аспауы тиіс. Демек, бұл сома 2023 жылы 4 053 750 теңгеге тең. Егер бір жыл ішінде табыс осы көрсеткіштен асып кетсе, бұл азамат жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті болады.

БЖТ келесі қызмет түрлерімен айналысатын адамдарға жарамды:

– тапсырыс бойынша тігін тігу, тоқу;

– өз пәтерін жалға беру;

– көкөністер мен жемістерді өсіру және сату, үйде кондитерлік және т.б. өнімдер жасап сату (сауда нысандарының аумағында емес);

– омарта ұстау;

– жеке қосалқы шаруашылықтан ет және сүт өнімдерін сату.

Ал келесі жағдайларда БЖТ төлеуші бола алмайды:

– сауда орталықтары аумағында қызмет көрсететін жеке тұлғалар;

– жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары және т.б.);

– тұрғынжайды қоспағанда, мүлкті жалға (жалдауға) беретіндер;



– қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар;  
– жеке кәсіпкер ретінде тіркелген тұлғалар.

**БЖТ төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы неде?**

Өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмаған. Алайда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам біріншілік зейнетақы төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек.

Бұл азаматтар салық органында тіркеуде болмаса зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыруға қауқарсыз болады. Ал БЖТ төлемі осы мәселелерді оңтайлы шешеді. Оған қоса патент немесе «жеңілдетілген» режиммен салыстырғанда өзінде ай сайынғы салық жүктемесінің мөлшері көп емес.

Жарнаның төмен мөлшері. Жалпы БЖТ-ға мыналар кіреді:

10% – жеке табыс салығы (ЖТС);

20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА);

30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ);

40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӨМС)

Біріншілік зейнетақы төлем төлеу ауылдық аймақтарда тұратын азаматтарға тиімді. Себебі олар ай сайын 1 725 теңгеден (1725\*12=20700) төлеп, МӨМС аясында барлық медициналық қызмет түрін шектеусіз алады. Яғни қажетті тексерулерден өтіп, оған жүздеген мың, тіпті миллиондаған теңгеге операция жасай алады, оңалту курсынан өтіп, амбулаториялық негізде дәрігердің бақылауында болады. Бұл жерде пациент аталған медициналық қызметтер үшін қосымша төлем жасамайды. Яғни, әрбір сақтандырылған адам аударған жарна мөлшеріне қарамастан, медициналық қызметтерді толық көлемде уақытылы алуға құқылы.

Біріншілік зейнетақы төлем бір айлық есептік көрсеткіш көлемін құрайды. Осы жылы елімізде АЕК мөлшері – 3 450 теңге. Осыған орай, республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары ай сайын 3 450 теңгеден, ал басқа елді мекендердің азаматтары 1 725 теңге, яғни 0,5 АЕК.

Осылайша, ай сайын 0,5/1 АЕК сомасын төлеп, тұлға өз қызметін толығымен заңдастырып қана қоймай, болашақ зейнетақыны (базальк зейнетақы төлемін) қамтамасыз етеді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (ГФСС) сақтандыру төлемдерін алуға құқылы болады. Яғни:

– еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылған жағдайларда;

– жүктілік және босану;  
– бала асырап алу;  
– 1 жасқа дейінгі бала күтімі.

**БЖТ-ны қалай төлеуге болады?**

МӨМС жүйесінде «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» болу үшін 3 ай қатарынан БЖТ төлем болу керек. Төлем 3 ай енгізілгеннен кейін ғана мәртебе беріледі. Мысалы, қазір бір азамат ақпан айына БЖТ төлесе, мәртебе бірден берілмейді. Яғни оның сақтандыру мәртебесі 3 ай қатарынан (ақпан, наурыз, сәуір) БЖТ төлемі түскен кезде, демек сәуірде ғана іске қосылады.

Ал енді мамыр айында қандай да бір себептермен төлем жасалмай қалса, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Оның қайта іске қосылуын тағы 3 ай күту керек: мамыр, маусым, шілде айлары БЖТ төлеп, шілдеде сақтандырылған мәртебесін ала алады.

Яғни, медициналық сақтандыру мәртебесін жоғалтпау үшін бұл төлем түрін ай сайын жасау керек немесе өткізіп алмау үшін алдағы айлар үшін алдын-ала төлем жасауға болады.

Төлем Қазақстанның кез келген банкінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның ЖСН, төлем жасалатын айды көрсету керек.

**Жүкті және босанған аналардың назарына!**

Ресми жұмыс істемейтін әрі тиісті аударымдары жоқ көптеген жүкті әйелдер жеті ай бойы арнайы БЖТ төлем жасайды. Бұл оларға бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін құжат тапсыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда әйел «Жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатынан шығарылады, себебі жүйе оның БЖТ ішіндегі аударымдарын көреді және ол табыс табатын адам болып есептеледі. Ал жеті ай бойы БЖТ жасаған азаматшаның сегізіншісінде төлемі болмаса, ол сақтандыру мәртебесінен айрылады.

Осы кезде ол екі жолдың бірін таңдай алады:

1) өзін өзі жұмыспен қамтыған азамат ретінде сақтандыру мәртебесін сақтау үшін БЖТ төлеуді жалғастыра беруі керек; 2) ал келесі жағдайда ол БЖТ-ны екі ай төлемесе, жеңілдік санатына кіреді де, сақтандыру мәртебесін алады (жүйе оның аударымдары жоқ екенін көреді, яғни ол жұмыс істемейді деп есептеледі). Екінші жағдайда ол сақтандыру мәртебесін алғанға дейін осы екі ай ішінде МӨМС аясында медициналық көмек ала алмайды. Бірақ қажет болған жағдайда ол тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында шұғыл көмекке жүгіне алады.

**АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ**

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2023 жыл елімізде ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға арналды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы және облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың (бұдан әрі – БМСК) өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген жұмыс мәжілісі барысында ауыл медицинасының өзекті мәселелері қаралды.

Күн тәртібінде өңірде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру, ауыл тұрғындары қатарындағы тұрғындардың қосымша нысаналы топтары үшін скринингтік зерттеулері, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда ауыл тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмектердің орындалған көлемдері, сондай-ақ БМСК ұйымдарында консультациялық-диагностикалық қызметтер, профилактикалық тексерулердің жүргізу мәселелері қаралды.

Жоғарыда аталған тақырыптар бойынша Қор филиалының мамандары: медициналық көмекті жоспарлау, орындалуын талдау және болжау бөлімінің басшысы Данияр Нұрымжанов, медициналық көмектің сапасын бақылау және шарт міндеттерін мониторингтеу бөлімінің басшысы Гүлнар Кенжебаева, аппараттық технологиялар жөніндегі бас сарапшы Азамат Сақов баяндады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық қызметтерді стратегиялық сатып алушы болып табылатыны баса айтылды. Медициналық қызметтерді сатып алуды, төлеуді және мониторингті дайындау сатысында МӨМС-дың активтерінің ұтымды, тиімді пайдаланылуына бақылау жүргізіледі.

Басты мақсат – пациенттің мүддесі үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру.

**МӨМС ЖҮЙЕСІНЕ АРТЫҚ НЕМЕСЕ ҚАТЕ ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ?**

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына МӨМС жүйесіне артық немесе қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады деген сұрақпен тұрғындар жиі жүгінеді. Бұл сауалға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

Қор маманы түсіндіргендей, егер БЖТ төлеу кезінде артық төлем жасалса немесе деректерді енгізу кезінде қате болса, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, төлемді растайтын құжаттарды қосу керек.

Өтінішті қарау 15 жұмыс күнінен аспайды. Төлем қандай түрде жүргізілсе, дәл солай қайтарылады.

Спикер егер дербес төлеуші алдағы 12 айға төлем жасаған кезде абайсызда бір айды БЖТ төлемі ретінде төлеп жіберсе, бұл азамат сақтандыру мәртебесін ала алмайтынын атап өтті. Ол үшін дербес төлеуші ретінде сол айға төлем жасап, қателесіп төлеген ақшаны жоғарыда көрсетілген әдіспен қайтаруға алуға болады.

Сонымен қатар БЖТ төлейтін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркелген кезде автоматты түрде БЖТ төлеушілер тізімінен шығады да, кейін бұл төлем түрін төлей алмайды. Әрі қарай бұл азаматтар жарналар мен аударымдарды жеке кәсіпкер ретінде жасай беруі керек.

Естеріңізге сала кетейік, дербес төлеушілер үшін 2023 жылы жарна сомасы 3 500 теңгені құрайды (1 ЕТЖ-дан 5%). Республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен Астана үшін БЖТ сомасы - 1 АЕК (3 450 теңге), ал басқа елді мекендердің тұрғындары үшін - 0,5 АЕК (1 725 теңге).

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақысбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор**  
**Сыдықова**  
**Жанар**  
**ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы**  
**Зибаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Қызылорда қаласы,**  
**Байтұрсынов**  
**көшесі 46/36**  
**Телефон:**  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49-й. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 5920 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №39**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**